

Мақта және одан жасалатын бұйымдарды әкелуге қатысты қорғау шараларын енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қыркүйектегі № 1054 Қаулысы

«Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңының 21-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кеден одағының Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының 5601 21 100 0, 3005 90 100 0 кодтарымен жіктелетін мақтадан жасалған гигроскопиялық мақтаны және мақта мен одан жасалатын бұйымдарды әкелуге қатысты кедендік құнының 19%-ы, бірақ 1 кг үшін кемінде 2,8 евро мөлшерінде 3 жыл мерзімге қорғау б а ж д а р ы е н г і з і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті кедендік декларациялау кезінде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген қорғау бажын а л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен мүдделі шет мемлекеттерді, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетін осы қаулының 1-тармағында көзделген қорғау шараларын Қазақстан Республикасының енгізгені туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*